

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

Батырбекқызы Маралым

«Дәріханалар бойынша мобильдік қолданба-агрегаторға Data Science
шешімдерін әзірлеу»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ПИ кафедрасының меңгерушісі,
PhD докторы

 М. Тұрдалыұлы
«06» маусым 2021 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Дәріханалар бойынша мобильдік қолданба-агрегаторға Data Science шешімдерін әзірлеу»

5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы

Орындаған:

Батырбекқызы М.

Ғылыми жетекші, техн. ғыл.
магистрі, лектор

 Д.А. Баймбетов
«04» маусым 2021 ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ПИ кафедрасының меңгерушісі,
PhD докторы

 М. Тұрдалыұлы
«06» маусым 2021 ж.

Дипломдық жобаны орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушыға Батырбекқызы Маралым

Тақырып: «Дәріханалар бойынша мобильдік қолданба-агрегатор» бойынша Data Science шешімдерін әзірлеу

Университет ректоры бұйрығының №2131-б «24» қараша 2021 ж. шешімімен бекітілген.

Орындалған жобаның өткізу мерзімі: «08» маусым 2021 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Жобаның төлқұжаты, технология бойынша техникалық құжаттама, техникалық құжаттаманы әзірлеу кезінде құрылған жобаның UML диаграммалары, техникалық тапсырма.

Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтардың тізімі:

- а) ұсыныс жүйелерін жалпы сипаттау;
- б) жобаны модельдеу және UML диаграммаларын сызу;
- в) Data Science шешімдерін жобалау;
- г) тесттерден өткізу, кітапханалармен жұмыс жасау, бірнеше модельді салыстыру;



Графикалық материалдар тізімі (міндетті суреттердің нақты көрсетілуімен): презентацияның 20 слайдпен берілген құжат түрінде ұсынылған.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 9 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен.

Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атаулары, зерттелген мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
1. Диплом жұмысының жоспарын құру.	11.01.2021	жоқ
2. Тапсырма қойылымы және бағдарламау ортасын таңдау.	15.01.2021	жоқ
3. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми - теориялық материалдарды жинау және негізгі бөлім бойынша есеп беру жазбасын дайындау.	01.02.2021	жоқ
4. Жобалау бөліміне сызбаларды дайындау.	15.02.2021	жоқ
5. Data Science модельдерін құру, тесттен өткізу.	22.03.2021	жоқ
6. Дипломдық жобаға түсіндірме жазба жазу.	26.04.2021	жоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің аяқталған жұмысқа қойылған қойған қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Нормалық бақылаушы	Қ. Марғұлан, лектор, техн. ғыл. магистрі	06.06.2021	
Бағдарламалық бөлім	А.Б. Рамазан, ассистент, техн. ғыл. магистрі	31.05.2021	

Ғылыми жетекші



Д.А. Баймбетов

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент



М. Батырбекқызы

Күні

«06» маусым 2021ж.

АҢДАТПА

XXI ғасыр, клиентке бағытталған дәуірде, ұсыныс жүйелерін пайдаланбайтын жоғары сапалы бағдарламалық қолданбаны елестету қиын. Бұл дипломдық жоба дәріханалар агрегатор қолданбасына арналған ұсыныс жүйелерін қамтиды.

Ұсыныс жүйелері қолданушылардың өнімді бағалау тарихына, қолданушының талғамына, элементтердің ұқсастығы мен қолданушылардың ұқсастығына негізделіп, соған байланысты қажетті өнімді қажетті уақытта ұсынады. Ұсыныс жүйелерін жасау арқылы дәріхана қолданба-агрегатордың кірістерін, таңдау рейтингісін және тіпті клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға болады.

АННОТАЦИЯ

В XXI веке, в эпохе клиентоориентированности, сложно представить себе качественное программное приложение, не использующее системы рекомендаций. Данный дипломный проект содержит рекомендательные системы для применения аптечных агрегаторов.

Системы рекомендаций основаны на истории оценки продукта пользователями, вкусах пользователя, сходстве элементов и пользователей, и в зависимости от этого, предоставляют необходимый продукт в нужное время. Создавая системы рекомендаций, можно повысить доход аптек в аптечном приложении-агрегатора, рейтинг выбора и даже удовлетворенность клиентов.

ABSTACT

In the 21st century, in the era of customer focus, it is difficult to imagine a high-quality software application that does not use a recommendation system. This diploma project contains recommendation systems for the use of pharmacy aggregators.

Recommendation systems are based on the history of user evaluation of the product, the user's tastes, the similarity of elements and users, and depending on this, provide the necessary product at the right time. By creating recommendation systems, you can increase the revenue of pharmacies in the pharmacy aggregator app, the selection rating, and even customer satisfaction.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Негізгі бөлімі	8
1.1	Ұсыныс жүйелерінің сипаттамасы	8
1.2	Дерек көздері	9
1.3	Ұсыну жүйелерінің түрлері	10
1.4	Ұсыныс жүйелерінде кездесетін қиындықтар	11
1.5	Бағалау көрсеткіштері	12
2	Жобалау бөлімі	14
2.1	UML тілі	14
2.2	Бағдарламалау ортасы	17
3	Зерттеу бөлімі	19
3.1	Pandas	19
3.2	Numpy	20
3.3	Дерек қоры	20
3.4	TF-IDF алгоритмі	22
3.5	Cosine Similarity	22
3.6	Бағалау метрикалары	24
3.7	Content Based Recommender System кодына шолу	25
3.8	Item Based Collaborative Recommender System кодына шолу	26
3.9	User Based Collaborative Recommender System кодына шолу	28
	Қорытынды	30
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	31
	А Қосымшасы. Техникалық тапсырма	32
	Б Қосымшасы. Бағдарлама мәтіні	34
	Сипаттізім	40

КІРІСПЕ

Ұсыныс жүйелері – қолданушыға пайдалы болуы мүмкін элементтер бойынша кеңес беретін программалық құрылғы. Көбінесе ұсыныс жүйелері әуен, кітап, фильм, сатылатын тауарлар контентінде қолданылады.

Қазіргі таңда технологиялар қарқынды даму үстінде, әсіресе ақпараттық. Соған байланысты желіде өте ауқымды мөлшерде қолжетімді таңдау бар. Оның әрқайсысын зерттеу мүмкін емес.

Егер қолданушы өзінің бір әйгілі электрондық коммерция веб-сайтында қол жетімді бір миллиард өнімдердің каталогын ақтаруға бір секундтан құртса, олардың бүкіл каталогын көру үшін шамамен 30 жыл – яғни, өмірінің жартысы қажет болады. Осы орайда, ұсыныс жүйелері соңғы жылдарда өзін шамадан тыс ақпараттың шешімі болып бой көрсетті.

Ең танымал ұсыныс жүйелерін Amazon, Netflix, Youtube, IMDB секілді танымал сайттарда көруге болады.


Ұсыныс жүйелерін мобильдік қолданба-агрегаторға енгізудің мақсаты: қолданушылар үшін сапалы ұсыныс жасау арқылы пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Ұсыныс жүйелерін мобильдік қолданба-агрегаторға енгізудің өзектілігі: қолданушылар мен дәріханалар үшін де пайдалы өніммен қайтамасыз ету. Ол қолданушылар үшін қажетті болуы мүмкін дәрі-дәрмекті тауып, ұсыну арқылы қолданушының іздеу және таңдау қиындығынан босатып, дәріханадан ұсынылған дәрілерді сатып алу және қолданбамен үнемі қолдану ықтималдығын жоғарылатады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Ұсыныс жүйелерінің сипаттамасы

Ұсыныс жүйелері – қолданушыларға өздеріне әртүрлі ықпал әсерінен ұсынылған жаңа өнімдерді ашуға арналған жүйелер [1]. Біраз уақыт қолданба немесе сайтпен қолдана келе, адамды қызықтыратын өнімдер өздері іздеп алдынан шыға бастайды. Мысалын төмендегі 1.1-суретте көре аламыз:



1.1-сурет – Ұсыныс жүйесіне мысал

Ұсыныс жүйесі келген ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істейді, пайдаланушыдан түскен мәліметтерге және пайдаланушының қалауы мен мүдделерін ескеретін басқа факторларға негізделген ең маңызды ақпараттарды сүзеді. Ол пайдаланушы мен элемент арасындағы сәйкестікті анықтайды және ұсыныс үшін пайдаланушылар мен элементтер арасындағы ұқсастығын есептейді.

Ұсыныс жүйелерін қолданатын компаниялар жекелендірілген ұсыныстар мен клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту арқылы сатылымды арттырады [8]. Пайдаланушының не қалайтынын біле отырып, компания бәсекелестік артықшылыққа ие болады және клиентті бәсекелестің пайдасына жоғалтып алу қаупі азаяды.

Netflix өз пайдаланушыларына фильмдер мен сериалдарды ұсыну үшін ұсыныстар жүйесін қолданады. Сол сияқты, YouTube әртүрлі бейнелерді ұсынады. Бүгінгі таңда кеңінен қолданылатын ұсыныс жүйелерінің көптеген мысалдары бар.

Қорытындыласақ, ұсыныс жүйелері өнімді бағалау немесе тұтынушының қалауын болжай алатын машинаны оқыту алгоритмдерінде жұмыс істейтін

ақпаратты сүзудің тиімді жүйесі және пайдасы жағынан таптырмас құрал, келесі 5 пунктте көрсетілген:

- 1) пайдаланушыларға өздерін қызықтыратын заттарды табуға көмектеседі;
- 2) өнім жеткізушілеріне оларды қажетті пайдаланушыға жеткізуге көмектеседі;
- 3) пайдаланушылар үшін ең маңызды сәйкестендіру өнімдері;
- 4) жеке мазмұн;
- 5) веб-сайттарға пайдаланушылармен қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі.

1.2 Дерек көздері

Ұсыныс жүйелері ұсыныс жасау үшін әртүрлі деректерді белсенді түрде жинайтын ақпаратты өңдеу жүйелері. Деректер, ең алдымен, не ұсынылатынына және осы ұсыныстарды алатын пайдаланушыларға қатысты. Бірақ ұсыныс жүйелері үшін қолжетімді деректер мен білім көздері әр түрлі болуы мүмкін болғандықтан, оларды қолдануға болады ма, жоқ па, ұсыныс техникасына байланысты болады.

Жалпы жіктеу ретінде ұсыныс жүйелері пайдаланатын мәліметтерге элементтер, пайдаланушылар мен транзакциялар, яғни пайдаланушылар мен заттар арасындағы қатынастар жатады.

Элементтер – бұл ұсынылатын нысандар. Элементтерді күрделілігі мен құндылығы немесе пайдалылығы бойынша сипаттауға болады. Ұсыныс жүйелері негізгі технологиясына сәйкес, элементтердің бірқатар қасиеттері мен функцияларын қолдана алады.

Пайдаланушылар. Олар әртүрлі мақсаттар мен сипаттамаларға ие болуы мүмкін. Адамның ұсыныстары мен өзара әрекеттесуін жекелендіру үшін ұсыныс жүйелері пайдаланушылар туралы әртүрлі ақпаратты пайдаланады. Бұл ақпаратты басқаша құрылымдауға болады және қай ақпаратты модельдеу керектігін таңдау, ұсыныс техникасына байланысты болады.

Мәмілелер. Транзакциялар – бұл адам мен компьютердің өзара әрекеттесуі кезінде жасалған және пайдалы болатын маңызды ақпаратты сақтайтын журнал түріндегі мәліметтер. Мысалы, транзакция журналы пайдаланушы таңдаған элементке сілтеме жасай. Егер қол жетімді болса, транзакция пайдаланушы берген нақты кері байланыс болуы мүмкін, мысалы, таңдалған элементтің рейтингі.

Ұсыныс жүйелерін құру үшін деректерді жинаудың екі әдісі бар — анық және жасырын.

Нақты кері байланыс деректері — пайдаланушының өнімге берген нақты саны. Айқын кері байланыстың кейбір мысалдары-Netflix-тегі пайдаланушылардың фильм рейтингтері, Amazon-дағы пайдаланушылардың өнім рейтингтері. Нақты кері байланыс пайдаланушының өнімді қалай ұнатқаны

немесе ұнатпағаны туралы ақпаратты ескереді. Нақты кері байланыс деректері сандық бағалауға жатады.

Жасырын кері байланыс деректері — пайдаланушының мүдделерін тікелей көрсетпейді, бірақ ол пайдаланушының мүдделері үшін прокси ретінде әрекет етеді. Мысалы, қолданушының шолу тарихы, сілтемелерді басу, ән ойнату саны, веб-бетті айналдыру пайызы немесе тінтуірдің қозғалысы жатады.

1.3 Ұсыну жүйелерінің түрлері

1.3.1 Popularity Based Recommender System (Танымалдыққа негізделген ұсыныстар жүйесі)

Бұл танымалдық принципі бойынша жұмыс істейтін ұсыныс жүйесінің түрі. Бұл жүйелер қазіргі уақытта қандай өнімдер немесе фильмдер трендте екенін немесе пайдаланушылар арасында ең танымал екенін тексереді және оларды тікелей ұсынады.

Артықшылықтары:

- а) ол суық іске қосу проблемаларынан зардап шекпейді, яғни жұмыстың бірінші күнінде ол әртүрлі сүзгілері бар өнімдерді ұсына алады;
- б) пайдаланушының тарихи деректері қажет емес.

Кемшіліктері:

- а) жекелендірілмеген;
- б) жүйе барлық басқа пайдаланушылар үшін танымалдыққа негізделген бірдей өнімдерді / фильмдерді ұсынады.

1.3.2 Content Based Recommender System(Мазмұнға негізделген ұсыныстар жүйесі)

Бұл ұсыныс жүйесі қолданушының ұнатқан элементтеріне ұқсас элементтерді ұсынып үйренеді. Элементтердің ұқсастығы олардың қасиеттерінің ұқсастығын өлшеу арқылы анықталады.

Артықшылықтары:

- а) пайдаланушы бойынша көп дерек қажет емес;
- б) суық іске қосудан зардап шекпейді.

Кемшіліктері:

- а) тауарлар туралы деректер жақсы көлемде болуы тиіс;
- б) ұқсастықты есептеу үшін функциялар қол жетімді болуы керек.

1.3.3 Collaborative Filtering Recommender System (Бірлескен сұзу ұсыныс жүйесі)

Белгілі бір пайдаланушының өзара әрекеттесуін ескеретін мазмұнға негізделген ұсыныс жүйесінен айырмашылығы, бірлескен сұзу әдісі жетілдірілген тәсілге сәйкес келеді және пайдаланушы мен элементтің өзара әрекеттесуіне негізделген ұқсас пайдаланушыларды анықтайды. Оның екі түрі бар:

а) пайдаланушы негізінде жақын көршіні бірлесіп сұзу:

Жүйе талғамы бірдей пайдаланушыларды анықтайды және олардың арасындағы ұқсастық мінез-құлқы негізінде есептеледі.

б) элементтер негізінде жақын көршілерді бірлесіп сұзу:

Жүйе пайдаланушы сатып алған тауарларға ұқсас тауарларды тексереді. Әр түрлі элементтер арасындағы ұқсастық болжау үшін пайдаланушылар емес, элементтер негізінде есептеледі.

Артықшылықтары:

а) өнімді сипаттауға қойылатын талаптар жоқ.

Кемшіліктері:

а) жаңа пайдаланушыларды ұсыну қиын және көптеген шолулары бар танымал өнімдерге артықшылық беруге бейім;

б) жаңа шығарылымдарды ұсыну қиын, өйткені олардың пікірлері аз.

1.3.4 Hybrid Recommender System (Гибридті ұсыныс жүйелері)

Гибридті ұсыныс жүйелері – бұл ұсыныстар үшін мазмұнды да, бірлескен сүзгілердің концепцияларын қолданатын ұсыныс беруші. Жүйе алдымен мазмұнды ұсынуды орындайды, өйткені пайдаланушы деректері жоқ, содан кейін жүйені қолданғаннан кейін ұқсас пайдаланушылармен пайдаланушы қалаулары орнатылады.

1.4 Ұсыныс жүйелерінде кездесетін қиындықтар

Қазіргі ұсыныс жүйелері қазірдің өзінде өте жақсы жұмыс істейді. Дегенмен, кейбір шектеулер бар. Құжатта біз негізгі мәселелерді шешу үшін Recommender System өнімділігін өлшеу үшін қолданылатын өлшемдер туралы түсінік береміз, соның ішінде суық іске қосу, дәлдік, деректердің жұқаруы, масштабталуы және әртүрлілігі секілді негізгі қиындықтарға шолу жасаймыз.

1.4.1. Суық іске қосу

"Суық іске қосу" қолжетімді ақпарат немесе метадеректер жеткіліксіз болған кезде, ұсыныс жүйелері дұрыс жұмыс жасамайды. Суық іске қосуды екі бөлек кіші топқа бөлуге болады: өнімнің суық іске қосылуы және пайдаланушының суық іске қосылуы. Электрондық коммерция веб-сайтында жаңа өнім пайда болған сайын, ол өнім суық іске қосылады, бұл пайдаланушының өзара әрекеттесуінің болмауына байланысты кері байланыс жоқ дегенді білдіреді. Сол себепті, ұсыныс жүйелері осы өнімге қатысты жарнамаларды қашан көрсету керектігін білмейді.

1.4.2 Сирек деректер

Деректер сирек болуы пайдаланушылар шектеулі элементтерді ғана бағалау әсерінен кездесуі мүмкін. Осылайша, ұсыныс жүйелері кері байланыс немесе баға бермейтіндерге негізсіз ұсыныстар бере алады.

1.4.3 Ауқымдылығы

Электрондық коммерция сайттарының тез өсуіне байланысты масштабтау мәселелері едәуір артты. Ұсыныс жүйелері нақты уақыт режимінде көптеген ықтимал көршілерді іздей алады, бірақ қазіргі заманғы электрондық коммерция сайттарының талаптары олардан көбірек көршілерді іздеуді талап етеді. Миллиондаған пайдаланушылар мен өнімдері бар платформа үшін масштабтау маңызды мәселе болып табылады.

1.5 Бағалау көрсеткіштері

Әдетте біз өз ұсыныстарымыздың сапасын олардың біздің қалауымызға қаншалықты сәйкес келетіндігіне және қаншалықты түсініксіз, бірақ қызықты болуына қарай бағалаймыз. Бірінші жағдайда біз релеванттықты еске түсіру және дәлдік сияқты көрсеткіштер арқылы бағалаймыз, ал екінші жағдайда әртүрлілік, қол жетімділік, айқындық және жаңашылдық сияқты көрсеткіштер арқылы бағалаймыз. Біз жиынтықтағы соңғы өлшемдерді көрнекі өлшемдер деп атаймыз. Ұсыныс жүйелерінің өнімділігін бағалауға арналған типтік өлшемдер – recall, precision, accuracy, ROC curves, F-measure қолданылады.

1.5.1 Recall және Precision (шолу және дәлдік)

Дәлдік барлық пайдаланушыға ұсынылатын элементтердің ішінен тиісті элементтерінің үлесін көрсетеді, ал кері байланыс – бұл ұсынылуға тиісті элементтердің жалпы элементтер санына қатысты саны. Тиісті элемент – бұл пайдаланушы тартымды деп санайтын элемент.

Жақсы ұсыну жүйесі екі метриканы бір уақытта оңтайландыруға тырысады. Мысалы, ол максималды қамтуды алу үшін көптеген өнімдерді пайдаланушыға ұсына алады.

1.5.2 Accuracy (Дәлдік)

Ұсыныс жүйесінің дәлдігін анықтау оңай емес, өйткені ұсыныс дәл ме, жоқ па, соны анықтайтын нақты әдіс жоқ. Оның дәлдігін бағалау үшін жеке тексеруді қолдана отырып, төмен болжамды қателерді іздеу керек.

1.5.3 ROC Curve

Қабылдағыштың жұмыс сипаттамаларын талдау (ROC) дәлдік пен шолуды алмастырады. Дәлдік неғұрлым жоғары болса, еске түсіру мәні соғұрлым төмен болады. ROC-талдау релевантты емес элементтерді алып тастамай-ақ, релевантты элементтерді алуға бағытталған.

Егер барлық тиісті элементтер маңызды емес элементтердің алдында көрсетілсе, онда идеалды ROC қисығы алынады.

1.5.4 F-өлшем

F-өлшем – бұл дәлдік пен шолудың тағы бір өлшемі және осы көрсеткіштерінің әрекетін көрсетеді. Ықтималдық тұрғысынан алғанда, F өлшемі – бұл бірінші сәтсіз сынақты анықтау үшін жасалатын сынақтардың саны.

2 Жобалау бөлімі


2.1 UML тілі

UML – бағдарламалық шешімдерді, қолданбалы құрылымдарды, жүйелік мінез-құлықты және бизнес-процестерді модельдеуге арналған бірыңғай модельдеу тілі. Негізінен, UML диаграммалар арқылы бағдарламалық жасақтаманы визуализациялайды [7].

2.1.1 Use case диаграммасы

Прецеденттер диаграммасының мақсаты – пайдаланушының жүйемен өзара әрекеттесуінің әртүрлі тәсілдерін көру болып табылады. Прецедент диаграммасының әр нұсқасы жүйе мен актер арасындағы іс-әрекеттерді анықтайды. Диаграмма жүйенің контекстін және талаптарын алу, архитектурасын тексеру үшін қажет.

Менің дипломдық жобамның прецеденттер диаграммасы төмендегі 2.1-суретте көрсетілген. Сонымен қатар, оқиғалар 2.1-кестеге салынған.



2.1-сурет – Use case диаграмма

2.1-кесте – Use case шарттары

Актерлер	Оқиға	Мазмұны
Қолданушы	Дәрі іздеу	Жүйеден сұрау
	Дәріні бағалау	Дәріге пікір қалдыру
	Дәріхана іздеу	Жүйеден сұрау
	Дәріхананы бағалау	Дәріханаға пікір қалдыру
	Ұсыныс қабылдау	Ұсынылған дәрі алу
Админ	Дерек жинау	Қолданушы іс-әрекеттері
	Ұқсастық ұпайын есептеу	Корреляция қолдану
	Болжам жасау	Дәрі ұсынады

2.1.2 Күй диаграммасы

Күй диаграммасы объектінің өмірлік циклі бойында тұра алатын бірқатар жағдайларды, сонымен қатар күйдің өзгеру себептерін көрсетеді. Орындалатын жағдайларға байланысты объектінің күйін модельдеуге болады. Диаграммада бір күйден екінші күйге ауысуға ерекше мән беріледі. Осылайша, объектіні инициализациядан шығаруға дейін модельдеуге болады.

Күй – бұл қандай-да бір шартты қанағаттандыратын, қандай-да бір әрекетті орындайтын немесе қандай-да бір оқиғаны күтетін объектінің өміріндегі жағдай немесе жағдай.


Оқиға – бұл уақыт пен кеңістікте орын алатын маңызды оқиғаның сипаттамасы. Мемлекеттік машиналар жағдайында оқиға-бұл мемлекеттің ауысуына әкелуі мүмкін ынталандырудың пайда болуы.

Қорғаныс күйі ауысу үшін триггер оқиғасы болғаннан кейін бағаланады. Егер қорғаныс шарттары бір-біріне сәйкес келмесе, бірдей бастапқы күйден және оқиғаның бірдей триггерінен бірнеше ауысулар болуы мүмкін. Қорғау шарты оқиға туындаған кезде ауысу үшін тек бір рет бағаланады. Логикалық өрнек объектінің күйіне сілтеме жасай алады.

2.1.3 Әрекеттер диаграммасы

Әрекеттер диаграммасы әрекеттің жұмыс процессін көрсететін диаграмма. Ол процедуралардың логикасын, бизнес-процесі мен жұмыс ағынын сипаттайтын технология. Бұл диаграмма басқару ағынының бір әрекеттен екінші әрекетке ауысуын көрсететін блок-схема.

Менің дипломдық жұмысымның әрекеттер диаграммасы төмендегі 2.2-суретте көрсетілген.



2.2-сурет – Әрекеттер(Activity) диаграммасы

2.1.4 Тізбек диаграммасы


Тізбек диаграммасы жүйенің бөліктері қажетті функцияны атқару үшін бір-бірімен қалай әрекеттесетінін және орындау кезінде олардың тәртібін көрсетеді. Бұл жүйенің қалай әрекет ететінін болжауға және жаңа жүйені модельдеу процесінде класста туындауы мүмкін міндеттерді анықтауға көмектеседі.

Біз актерлерді әртүрлі рөлдерді, соның ішінде пайдаланушылар мен басқа да сыртқы тақырыптарды бейнелеу үшін қолданамыз. Реттілік диаграммасында бізде бірнеше кейіпкерлер болуы мүмкін.

Өмір жолы-бұл реттілік диаграммасында жеке қатысушыны бейнелейтін аталған элемент. Тізбектік диаграммадағы әр көшірме өмір сызығымен ұсынылған. Өмір сызығының элементтері тізбектік диаграмманың жоғарғы жағында орналасқан. Өмір жолын атауға арналған UML стандарты келесі форматқа сәйкес келеді – дананың аты: сынып атауы.

Мысалы, мұнда орынды брондау жүйесіндегі пайдаланушы, егер ол жүйеден тыс болса және жүйенің бөлігі болмаса, субъект ретінде көрсетіледі.

Дипломдық жұмыстың тізбек диаграммасының көрінісі 2.3-суретте көрсетілген.



2.3-сурет – Тізбек диаграммасы

2.2 Бағдарламалау ортасы

Бағдарламалау ортасын таңдауда мен басты назар аударған пункттер:

1) танымал:

Мен алдымда кездескен қиындықтар, сұрақтарға жауап оңай табу үшін;

2) үйренуге жеңіл:

Мақсатым – пайдалы кодты тез құру.

2.2.1 Python

Есеп беру немесе визуализация арқылы деректерді аналитикалық деректерге айналдыра алатын әдістерді қолдану үшін бізге ең жақсы құралдар қажет. Деректерге мән беру үшін C, C++, Java және Javascript сияқты танымал тілдер бар. Бірақ, R және Python сияқты танымал тілдер деректер ғылымы мен машиналық оқыту саласындағы тапсырмаларды сәтті орындау үшін өте пайдалы.

Python әмбебап және жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі [2]. Оны таңдауымның себептері келесі пункттерде көрсетілген:

- 1) оңай, әрі түсінікті тіл;
- 2) икемді;
- 3) қолжетімді кітапханалар тізімі;

- 4) визуализация құралдары;
- 5) ауқымдылық.

2.2.2 Jupyter Notebook

Jupyter Notebook – бұл пайдаланушыларға кодтарды, теңдеулерді, визуализацияларды және мәтінді құруға және бөлісуге мүмкіндік беретін клиенттің интерактивті веб-қосымшасы [4]. Ол 40-тан астам бағдарламалау тілдерін қолдайтын көп тілді интерактивті есептеу ортасы болып саналады.

Jupyter Notebook-тің міндеттері:

- деректерді дайындау;
- статистикалық модельдеу;
- модельдерді оқыту;
- деректерді визуализациялау.

3 Зерттеу бөлімі

3.1 Pandas

Деректер жиынтығын жүктеу үшін және онымен жұмыс істеу үшін DataFrame ішіндегі pandas кітапханасын пайдалану керек.

Pandas – бұл Python-дағы ашық көзі, ол деректерді өңдеу және талдау үшін, сонымен қатар машиналық оқыту тапсырмалары үшін кеңінен қолданылады [4]. Ол NumPy деп аталатын басқа пакеттің негізінде салынған, ол көпөлшемді массивтерге қолдау көрсетеді. Ең танымал деректер пакеттерінің бірі ретінде Pandas Python экожүйесіндегі көптеген басқа деректерді өңдеу модульдерімен жақсы жұмыс істейді.

Ол сіздің деректеріңізді жол-баған форматында ұсынады. Pandas табиғи тілдерді өңдеуге арналған сандық кестелерді, уақыт қатарларын, суреттер мен мәліметтер жиынтығын басқаруға арналған дайын мәліметтер құрылымы мен амалдарын ұсынады. Негізінен pandas бұл кестелер ретінде оңай ұсынылатын мәліметтер жиынтығы үшін пайдалы.

Pandas көмегімен бірқатар амалдарды орындауға болады:

- деректерді тазалау;
- деректерді толтыру;
- деректерді нормалды түрге келтіру;
- біріктіру және қосу;
- деректерді визуалдау;
- деректерді тексеру;
- деректерді жүктеу, сақтау.

Pandas-ты қолдану мысалы 3.1-суретте көрсетілген:

```
B [1]: import numpy as np
import pandas as pd

import os
from IPython.core.interactiveshell import InteractiveShell
InteractiveShell.ast_node_interactivity = "all"

import json
from pandas.io.json import json_normalize

import matplotlib.pyplot as plt
%matplotlib inline
import seaborn as sns
import warnings; warnings.simplefilter('ignore')
```

```
B [2]: f = open(r'C:\Users\Maralym\Desktop\фото лекарств\DIPLOM\agregator.json', encoding='utf-8')
data = json.load(f)
df = pd.io.json.json_normalize(data)
data
```

```
Out[2]: [{"model": "users.user",
          "pk": 1,
          "fields": {"password": "pbkdf2_sha256$216000$6fCSMT01PV8D$0SDLJtqSL1DTQh56Shj3Rt6Lf3IOktCucHUf66CwZBM=",
                    "last_login": "2021-04-17T05:44:08.578Z",
                    "is_superuser": True,
                    "username": "admin",
                    "first_name": "",
                    "last_name": "",
                    "email": "admin@mail.ru",
                    "is_staff": True,
                    "is_active": True,
                    "date_joined": "2021-03-28T15:13:28.207Z",
                    "address": "",
                    "groups": [],
                    "user_permissions": []}]
```

3.1-сурет – Деректерді pandas кітапханасы арқылы жүктеу

3.2 Numpy

NumPy – бұл көпөлшемді массивтер объектілерінен және осы массивтерді өңдеуге арналған процедуралар жиынтығынан тұратын кітапхана [6]. NumPy көмегімен массивтерде математикалық және логикалық операцияларды орындауға болады.

NumPy әртүрлі функциялар орындайды, соның ішінде келесі маңызды функциялар бар:

- N-өлшемді массивтің нысаны;
- күрделі функциялар;
- C/C++ және Fortran кодтарын біріктіруге арналған құралдар;
- сызықтық алгебраның, Фурье түрлендіруінің және кездейсоқ сандардың пайдалы мүмкіндіктері.

3.3 Дерек қоры

Деректер қоры дәріханалар бойынша агрегатордың деректерін сақтайтын json форматындағы файлдан алынды. Алғашқыда деректер қоры құрылымданбаған күйде сақталды, кейін ондағы деректер нормалауға келтірілді.

Мен қолданған деректер қорының көрінісі 3.2-суретте бейнеленген.

```
f = open(r'C:\Users\Maralym\Desktop\фото_лекарств\DIPLON\agregator.json', encoding='UTF8')
data = json.load(f)
df = pd.io.json.json_normalize(data)
data
```

```
[{'model': 'users.user',
  'pk': 1,
  'fields': {'password': 'pbkdf2_sha256$216000$6fC5MT01PV8D$05DLJtqSL1DQhS65hj3Rt6LfJIOktCuchUF66CwzBh=',
            'last_login': '2021-04-17T05:44:08.578Z',
            'is_superuser': True,
            'username': 'admin',
            'first_name': '',
            'last_name': '',
            'email': 'admin@mail.ru',
            'is_staff': True,
            'is_active': True,
            'date_joined': '2021-03-28T15:13:28.207Z',
            'address': '',
            'groups': [],
            'user_permissions': []}},
 {'model': 'users.user',
  'pk': 2,
  'fields': {'password': 'pbkdf2_sha256$216000$MCaWNB097JgIS2NPagm04L6LJejQJlNxnHzFKsATXkABFrdzTJzETr05BM=',
            'last_login': None,
            'is_superuser': False,
            'username': 'molya'}}
```

```
df.head()
```

	model	pk	fields.password	fields.last_login	fields.is_superuser	fields.username	fields.first_name	fields.last_name
0	users.user	1	pbkdf2_sha256\$216000\$6fC5MT01PV8D\$05DLJtqSL1DQhS65hj3Rt6LfJIOktCuchUF66CwzBh=	2021-04-17T05:44:08.578Z	True	admin		admin
1	users.user	2	pbkdf2_sha256\$216000\$MCaWNB097JgIS2NPagm04L6LJejQJlNxnHzFKsATXkABFrdzTJzETr05BM=	None	False	molya		molyadm99
2	users.user	3	pbkdf2_sha256\$216000\$E0ZHHLeSt3K\$1WbgrXOnUJ4O...	None	False	maralym		maralym.bb
3	users.user	4	pbkdf2_sha256\$216000\$3ZleKily2WW1\$NLZVPCLen2Vd...	None	False	maralym.bb@gmail.com		
4	users.user	5	qwerty	2021-03-31T03:59:28Z	False	aizhan01	Айжан	Байхакоса

5 rows x 41 columns

3.2-сурет – Деректерді оқу

Деректер қоры дәрі және дәріханалар бойынша ақпарат сақтайтын 10 кестеден тұрады. Соның ішінде, ұсыныс жүйелерін құруда 4 кесте қолданылды:

- 1) product.product – дәрілер жайлы ақпарат,
- 2) product.reviewproduct – дәрілер бойынша пікір,
- 3) categories.category – дәрі-дәрмектің түрін,
- 4) users.user – қолданушылар бойынша ақпарат сақтайды.

Ұсыныс жүйелері модельдері барлығы 81 дәріге жазылған 421 пікір бойынша оқытылды. Көрінісі төмендегі 3.3-суретте.

```
new_df=df[['model','pk', 'fields.author', 'fields.rating', 'fields.text', 'fields.product']]
new_df=new_df.rename(columns={'fields.author':'authorId', 'fields.rating':'Rating', 'fields.text':'Review', 'fields.product':'productId'})
new_df=new_df.loc[new_df['model'] == 'product.reviewproduct']
new_df
```

	model	pk	authorId	Rating	Review	productId
358	product.reviewproduct	8	5.0	5.0	Препарат очень эффективно помогает для детей и...	35.0
359	product.reviewproduct	7	8.0	5.0	Один из самых лучших препаратов необходимых в ...	41.0
360	product.reviewproduct	8	9.0	5.0	хорошее средство от поориза 🍌🍌🍌\!прекондую...	1.0
361	product.reviewproduct	9	7.0	5.0	С тенотеном без истерик пролечили дочке зубы, ...	48.0
362	product.reviewproduct	10	10.0	5.0	У дочки переходный период начался, начала осор...	48.0
...
774	product.reviewproduct	426	101.0	1.0	Ничего особенного	98.0
775	product.reviewproduct	427	88.0	4.0	Хорошие витамины	97.0
776	product.reviewproduct	428	84.0	4.0	Мой любимый чаек, очень хорошо помогает при пе...	83.0
777	product.reviewproduct	429	88.0	3.0	Не понравился	83.0
778	product.reviewproduct	430	109.0	4.0	хороший чай, читайте инструкцию	83.0

421 rows x 6 columns

```
new_df.productId.unique()
```

```
array([ 35., 41., 1., 48., 49., 43., 44., 72., 73., 74., 2.,
        5., 66., 52., 67., 68., 36., 27., 4., 38., 7., 9.,
        10., 11., 20., 12., 18., 16., 8., 14., 15., 3., 6.,
        70., 69., 32., 24., 22., 23., 90., 40., 37., 38., 33.,
        54., 42., 47., 56., 71., 19., 57., 17., 59., 60., 50.,
        21., 28., 26., 45., 98., 88., 99., 89., 105., 75., 101.,
        76., 77., 104., 100., 92., 78., 79., 80., 94., 82., 102.,
        85., 97., 96., 83.]
```

3.3-сурет – Деректерге шолу

Дәрі-дәрмекке қойылған ең төмен ұпай саны – 1, ең жоғарғысы – 5, төмендегі 3.4-суреттен көруге болады:

```
print('Минималды рейтинг: %d' %(new_df.Rating.min()))
Минималды рейтинг: 1
```

```
print('Максималды рейтинг: %d' %(new_df.Rating.max()))
Максималды рейтинг: 5
```

3.4-сурет – Дәрі ұпайлары

3.4 TF-IDF алгоритмі

TF-IDF алгоритмі кез-келген құжаттағы кілт сөзді өлшеу үшін қолданылады және құжатта қанша рет пайда болғанына байланысты осы кілт сөздің мағынасын береді. Қарапайым тілмен айтқанда, TF-IDF неғұрлым жоғары болса, термин соғұрлым аз және маңызды болады және керісінше.

Әр сөз немесе термин тиісті TF және IDF көрсеткішіне сәйкес келеді. TF және IDF терминдерінің бағалары осы терминнің TF-IDF салмағы деп аталады.

TF (термин жиілігі) сөз құжатта пайда болған саны болып табылады. Мұны білген кезде, сіз терминді тым жиі немесе сирек қолданғанды көреміз. (3.1 - формула)

TF (t) = (құжатта кездесетін t термин саны) / (құжаттағы терминдердің жалпы саны), (3.1)

IDF (терминнің маңыздылығы) есептеу кезінде барлық терминдер бірдей маңызды болып саналады. Алайда, "бар", "туралы" және "сол" сияқты белгілі бір терминдер бірнеше рет пайда болуы мүмкін, бірақ маңызды емес. (3.2 - формула)

IDF (t) = \log_e (құжаттардың жалпы саны / ондағы t терминімен құжаттар саны). (3.2)

TF-IDF артықшылықтары:

а) бұл сұрауға қатысты құжаттармен сұраудағы сөздерді салыстырудың тиімді және қарапайым алгоритмі;

б) TF-IDF нақты сұранысқа тікелей қатысты құжаттарды қайтарады;

в) TF-IDF күрделі алгоритмдер мен сұрау іздеу жүйелері үшін негіз құруға өте ыңғайлы.

3.5 Cosine Similarity

Косинус ұқсастығы – бұл элементтердің көлеміне қарамастан қаншалықты ұқсас екенін анықтау үшін қолданылатын көрсеткіш.

Математикалық тұрғыдан ол көп өлшемді кеңістікке жобаланған екі вектордың арасындағы бұрыштың косинусын өлшейді. Бұрыш неғұрлым аз болса, косинусидтық ұқсастық соғұрлым үлкен болады. Евклид қашықтығын өлшеуден айырмашылығы, косинус ұқсастығы шаманы емес, құжаттардың бағытын анықтайды.

Косинус ұқсастығын өлшеу екі нөлдік емес вектордың косинусын табудан басталады (3.3 формула):

$$\text{similarity} = \cos(\theta) = \frac{\mathbf{A} \cdot \mathbf{B}}{\|\mathbf{A}\| \|\mathbf{B}\|} = \frac{\sum_{i=1}^n A_i B_i}{\sqrt{\sum_{i=1}^n A_i^2} \sqrt{\sum_{i=1}^n B_i^2}}, \quad (3.3)$$

мұнда A және B – векторлар,

A_i – A векторының компоненті,

B_i – B векторының компоненті.

Нәтижесі -1-ден 1-ге дейінгі диапазондағы мән болады, онда -1 – ұқсастық емес, 0 – ортогональды (перпендикуляр), ал 1 – толық ұқсастық.

Косинус ұқсастығында абстрактілі математикадан тыс қосымшалар бар. Өлшеу деректерді іздеу, ақпаратты іздеу және мәтінді сәйкестендіру процестерінде қолданылады. Векторлар айнымалы қасиеттерге тағайындалғаннан кейін, өлшеу объектілер арасындағы ұқсастықты түсінудің құнды құралына айналды.

Машиналық оқыту деректерді іздеу және ақпаратты іздеу сияқты қосымшаларда косинус ұқсастығын қолданады. Мысалы, құжаттар базасын әр терминге құжатта осы терминнің жиілігіне сәйкес келетін өлшем және байланысты вектор тағайындалатындай етіп өңдеуге болады. Бұл косинус ұқсастығын өлшеуге, құжаттарды бір-бірімен олардың ұқсастықтары мен тақырыптарының сәйкес келуіне қарай ажыратуға және салыстыруға мүмкіндік береді.

Ұқсастықты есептеу көптеген мәтінді іздеу қосымшаларының негізгі компоненті болып табылады. Мысалы, егер бізде екі мәтіндік сегменттің ұқсастығын бағалаудың тамаша әдісі болса, олар идеалды ақпараттық-іздеу жүйесін құра алар еді. Соңғы жылдары көптеген метрикалар пайда болды – Евклидке негізделген қашықтық метрикасы, косинус, Джаккард, сүйектер, Йенсеншаннонның дивергенцияға негізделген метрикасы әртүрлі түрлерді шешу үшін ұсынылды.

Python scikit-learn кітапханасы косинус ұқсастығын есептеу мүмкіндігін ұсынады. Scikit-learn әдісі екі вектордың орнына екі матрицаны параметр ретінде қабылдайды және екі параметр арасындағы векторлардың әр жұбы арасындағы косинус ұқсастығын есептейді және нәтижені матрица ретінде (3.5-сурет) қайтарады.

```
B [12]: from sklearn.metrics.pairwise import cosine_similarity
import operator
def similar_users(authorId, matrix, k=3):
    user = matrix[matrix.index == authorId]

    other_users = matrix[matrix.index != authorId]

    similarities = cosine_similarity(user, other_users)[0].tolist()

    indices = other_users.index.tolist()

    index_similarity = dict(zip(indices, similarities))

    index_similarity_sorted = sorted(index_similarity.items(), key=operator.itemgetter(1))
    index_similarity_sorted.reverse()

    top_users_similarities = index_similarity_sorted[:k]
    users = [u[0] for u in top_users_similarities]

    return users

B [13]: current_user = 9.0
similar_user_indices = similar_users(current_user, rating_matrix)
print(similar_user_indices)

[19.0, 35.0, 25.0]
```

3.5-сурет – Ұсыныс жүйеде қолданған cosine similarity

3.6 Бағалау метрикалары

Орташа квадраттық қате (RMSE) (3.4 формуласы) – бұл болжамды рейтингтердің дәлдігін бағалауда ең танымал көрсеткіш. Ол Евклид қашықтығын қолдана отырып өлшенген шынайы мәндердің ауытқу болжамдарының қаншалықты екенін көрсетеді:

$$RMSE = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^N \|y(i) - \hat{y}(i)\|^2}{N}}, \quad (3.4)$$

мұнда N-деректер нүктелерінің саны,

$y(i)$ – i -өлшеу,

$\hat{y}(i)$ – оның тиісті болжамы.

RMSE есептеу үшін әр дерек нүктесі үшін болжау мен шындық арасындағы айырмасын есептейміз, сосын қалдықтардың орташа мәнін есептеп және осы орташа мәннен квадрат түбірін алу қажет. RMSE әдетте бақыланатын оқытуға арналған қосымшаларда қолданылады, өйткені RMSE әр болжамды деректер нүктесінде дәл өлшеуді қолданады және қажет етеді.

Орташа абсолютті қате (MAE) – машиналық оқыту контекстінде абсолютті қате байқаудың болжамдары мен осы байқаудың шынайы мәні арасындағы айырмашылық (3.5-формула). MAE болжамдар мен бақылаулар тобы үшін абсолютті қателіктердің орташа мәнін бүкіл топ үшін қателіктердің өлшемі ретінде қабылдайды. MAE-ні L1 жоғалту функциясы деп те атауға болады.

$$MAE = \frac{\sum_{i=1}^n |y_i - x_i|}{n} = \frac{\sum_{i=1}^n |e_i|}{n}, \quad (3.5)$$
